

АЙТАШ ЖҮБАНЫШАЛИЕВ

Опера театрының директоры



К. Байсейітова - Алтыншаш рөлінде (Н. Жиганов «Алтыншаш»)

«Алтыншашты» алуымыз өте кездейсоқ болды. Мен Өскеменде командировкада жүріп, қалалық паркте демалып отыр едім, Мәскеуден радио арқылы осы операны беріп жатты. Назиб Жигановтың өзі біздің Оралдық екен. Сол себептен бір жағынан опера қызықтырып, бір жағынан авторы жерлес екен деп, осыны алуды ұйғардық.

Ақыры жаман болған жоқ. Біз премьерға Жигановты шақырдық. Өте қуана қабылдап, келді. Опера басталғанда кулисаның арғы жағынан, өзі көрінбейтін Алтыншаштың құстай сайраған үні естілетін. Соны естіген сәтте Жиганов залда отырып: «Иә, мұнда Татарстандағыдан артық шығатын түрі бар», – деп күбір етті. Опера біткен соң осы сөзін қайта қайталады: «Нағыз Алтыншаш Күләш ханым», – деп қатты риза болды.

Осы жағдай себеп болып, кейін Қазан опера театрында М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы қойылды.

Күтпеген қызықтар да болатын. «Ер-Тарғында» алғашқы кезде негізгі кейіпкерлер атпен шығып жүретін. Бірде Күләштің (Ақжүністің) аты әлденеден үрікті ме, әлде сахнаға үйретілмеді ме, дәл ортаға келгенде алдыңғы екі аяғымен қатар жоғары шапшыған. Сол бетімен қарғи қалса, тура оркестрдің үстіне түсетін түрі бар. Дирижер Столяров еді. Қанша айтқанмен жан тәтті, еріксіз бүгіп қалдық. Зал жым-жырт, демін ішіне алып тынып қалған, сахнада қыбыр жоқ, ал Күләш ат үстінде ән салды. Бір кезде ат аяғын түсірді, жұрт демін бір-ақ алды. Сонда басын көтерген Столяров Күләшке қарап: «А ты еще пицишь», – дегені ғой. Бүкіл зал естіді.

Күләштің өзі өте қарапайым еді. Ажарлысын ажарлы ғой, бірақ қарапайым болатын. Өзі талдырмаштау, сахнаға елеусіз шығатын. Оның не жүзінде, не қимылында ерекше әрекет жоқ. Бірақ залды өзіне баурап алуы ғаламат болатын. Таза сиқырланып қалғандай жұрт еріксіз тынып, сол жыласа жылап, күлсе күліп отыратын. Оны сахна үшін жаратылды деу аз, ол сахнаның күдіреті болатын.

«Қыз-Жібекті» Күләштен кейін көру өте қиын. Оны айтып беру шынында мүмкін емес. Бірақ кейінгілерді көру үшін оны көрмегендерің де дұрыс болған шығар. Оны тек қана көру керек еді. Есту толық әсер бере алмайды, оны айтып жеткізу мүмкін емес.